

Тәртіптік комиссияның құрамы:**Тәртіптік комиссия төрағасы:**

А.Х. Машекенова, Басқарма мүшесі – академиялық мәселелер жөніндегі проректор

Тәртіптік комиссия мүшелері:

Н.В. Всяких, бас бухгалтер

Д.К. Аноп, даму стратегиясы және сапаны қамтамасыз ету басқармасының басшысы

А.Р. Хакимова, заң кеңесшісі

Б.С. Жақсылықова, кәсіподақ комитетінің төрағасы

Тәртіптік комиссия хатшысы:

А.Б. Сарсекенова, персоналды іріктеу және дамыту бөлімінің басшысы

2025 жылғы 02 желтоқсанда сағат 11:00-де

тәртіптік комиссияның отырысы өтті

(2025 жылғы 02.12.2025 ж. № 9 ХАТТАМА)

Өскемен қ.

Тәртіптік комиссия отырысы

Г1-139 аудитория

КҮН ТӘРТІБІ:

«Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ» КЕАҚ ДИТ Техникалық сүйемелдеу басқармасының басшысы Б.Б. Нуркинге қатысты қызметтік тексеру материалдарын қарау. Атап айтқанда, оқу аудиториясы Г-3-209-де орналасқан компьютер процессорынан MSI GeForce 8 GB GDDR6 (128 bit) бейне картасын өз бетінше шешіп алып, кейін оны иемденіп, жеке мақсатта пайдалануы фактісі бойынша.